

Сұрақтар:

1. Төлемақы салынатын объектілер қандай?
2. Салық төлеушілердің төлемақыны есептеуі қандай?
3. Не себептен су қорларын экономикалық бағалай өте қиыйн?
4. Су қорларын экономикалық бағалау әдістері қандай?
5. Су қорларын бағалағанда нені ескерту керек?

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеу мен төлеу тәртібі: құрылыстарды, техникалық құралдарды немесе құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар төлемақыны төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектілері:

1. Төлемақы салынатын объектілер: өндірілген электр энергиясының көлемі; су көлігімен тасымалдау көлемі; балық аулау көлемі және су пайдаланудың басқа да көлемдері болып табылады.
2. Су ресурстарын жекелеген азаматтарға бекітіп бермей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолданбай жүзеге асырылатын кеме тіркемесінсіз ағашты ағызуға, рекреацияға, жер қазатын техниканы қолдануға, батпақты құрғатуға, жалпы су пайдалануға төлемақы қолданылмайды.
3. Төлемақы ставкаларын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.
4. Су жинаудың нақты көлемі су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген лимиттен асып кеткен жағдайда асып кеткен бөлігінде үш есе ұлғайтылады.

#### Есептеу мен төлеу тәртібі

Төлем сомасын су пайдаланудың нақты көлемі мен белгіленген ставкаларды негізге ала отырып төлеуші дербес айқындайды.

1. Шаруа (фермер) қожалықтары және ауыл шаруашылық өнімін өндірушілері.
2. Өнеркәсіп орындары өндірістік қажеттер үшін су шаруашылығы жүйелерінен алатын суға, ол тікелей су шаруашылығы жүйелерінен, тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдарынан келетініне қарамастан, төлемақы төлейді.
3. Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары өнеркәсіп орындарына берілетін судың көлемін шегере отырып, жер үсті көздерінен алынатын су үшін бюджетке төлемақы төлейді.
4. Жеке және заңды тұлғалар суды қысыммен ағызатын және суды реттейтін құрылыстары бар су көздерінде *жүк тасымалы үшін* төлемақы төлейді.
5. Жылу энергетикасы кәсіпорындары тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қажеттер үшін жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын су үшін төлемақы мөлшерін тұрғын үй-пайдалану және *коммуналдық қызмет көрсету* ұйымдары үшін көзделген ставкалар бойынша белгілейді.
6. Агрегаттарды суыту (суды қайталап тұтыну) үшін технологиялық қажеттерге суды жинау лимиті шегінде су алатын жылу энергетикасы кәсіпорындары төлемақы мөлшерін тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары үшін көзделген ставкалар бойынша белгілейді. Суды қайтарусыз тұтыну төлемақысының мөлшері өнеркәсіп орындары үшін белгіленген ставкалар бойынша айқындалады.

[http://tanim.ucoz.com/load/bilim\\_zh\\_ne\\_vlym/ehkonomika/memleketтік\\_bjudzhetke\\_t\\_lenetin\\_bas\\_ada\\_mindet\\_ti\\_t\\_lemder\\_t\\_lemma\\_vlardy\\_esepтеu\\_zh\\_ne\\_r\\_simdeu\\_disteri/5-1-0-181](http://tanim.ucoz.com/load/bilim_zh_ne_vlym/ehkonomika/memleketтік_bjudzhetke_t_lenetin_bas_ada_mindet_ti_t_lemder_t_lemma_vlardy_esepтеu_zh_ne_r_simdeu_disteri/5-1-0-181)

## **Су қорларын экономикалық бағалаудың ерекшеліктері**

Су көздерінің ластануына байланысты, жоғалтылған өнімді қайта өндіру шараларын өткізу үшін қажетті шығындардың мөлшері суаттардың ластану деңгейіне және оны төмендетудің керекті дәрежесіне тәуелді. Су көздерінің ластануынан келетін зардаптар деп халық шаруашылығындағы шығындарды, су көздерінің түрлі суды пайдаланушылармен ластануының салдарынан пайда болатын еңбек және материалдық қорлар шығындарын және тұрғындардың әлеуметтік – экономикалық жағдайларының нашарлануын айтуға болады. Көріп отырғандай, шығынды анықтауды, ол экономикалық та, әлеуметтік– гигиеналық та жағынан бағалануы керек. Экономикалық бағалау кезінде құндылық бағасы бар шығын түсінігі халық шаруашылығының салаларында түрліше.

Зиянның әлеуметтік – гигиеналық бағалануы кезінде су көздерінің сауықтырғыш, спорттық және эстетикалық құндылығының төмендеуінен пайда болатын шығындар есепке алынады. Су көздерінің ластануы адамдарды ауруға шалдықтыруы мүмкін немесе қоршаған ортаның эстетикалық және гигиеналық жағдайларын нашарлататын зиян әкелуі мүмкін. Қазіргі уақытта су көздерінің ластануына байланысты әлеуметтік сектордағы зиянды бағалаудың көпшілікке танымал әдісі жоқ. Шығындардың орнын толтыруға жұмсалған қаражаттар бір жылғы салымдарда, ағымдағы шығындар түрінде болуы мүмкін, сондықтан да оларды салыстырмалы түрде келтіру келтірілген шығындар формуласымен жүзеге асады. Келтірілген шығындар ағымдағы шығындар мен капиталды салымдар саласын білдіреді, ал бұлар бірдей шамада эффектіліктің нормативті коэффициентіне сәйкес келуі керек.

Су ресурстарын қолдануды жоспарлау өте күрделі болып саналады және басқа ресурстарды қолданумен салыстырғанда ерекшеленеді. Бұл судың өзіне тән кейбір сипаттарды иемденумен түсіндіріледі: қайта қалпына келуі және уақыт, кеңістік бойынша режимнің тұрақсыздығы; қолданудың түрлілігі мен көптігі; ағымды реттеудің өте икемді тұрғысын қажет ететін бассейіндегі су ресурсының байланысы; өндірістік күштің қазіргі даму жағдайындағы деңгейінде суды толық ауыстырудың мүмкін болмауы. Осының барлығы су ресурстарын дұрыс бағалау мен тиімді қолдануды қажет етеді.

## **Су қорларын экономикалық бағалау әдістері**

Су қорлары экономикалық бағалау сұрақтарын талқылау барысында екі концепция анықталады: шығындық және нәтижелік. Су қорларын шығындар бойынша бағалаған кезде су шаруашылық жүйелердің салынуымен және пайдалануымен байланысты шығындардың барлығы есептеледі. Су қорларының экономикалық бағалау су салалары мен кәсіпорындарын дамыту мен бағалау жөніндегі бар жағдайларды, суға тұйықтағыш шығындарды анықтау жөніндегі сұрақтарды қарастырады.